

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

808. 24	Пулатов Шерзод Аббозович	Межэтнический диалог и переговорные процессы в полиэтничном Казахстане: институциональные практики и политико-правовые основы	3603
809. 25	Сатвалдиев А.Г.	Қазақстандық этносаясатта «жанубий қозғалыс» газетінің алар орны және түрлі кезеңдердегі мемлекеттік саясаттың оның контентіне әсері	3608
810. 26	Токенов А.С.	Социальный капитал и доверие в казахстанском обществе: к вопросу о влиянии этнической структуры	3613
811. 27	Узарова Л.М.	Особенности коммуникации в сфере этномедиации	3617
812. 28	Урстенова Д.Д.	30 лет АНК: новые возможности народной дипломатии	3622
813. 29	Хмелевский В.А.	Межкультурное многообразие и общая историческая память В республике Казахстан	3627
814. 30	Чжан Цзинкай	«Цветные революции» в эпоху интернета (особенности противостояния в странах СНГ)	3630

6 – СЕКЦИЯ
ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ

**6.1 ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ
НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

815.	Абдулла А. К.	Абай мұрасындағы сакралды ұғымдар	3610
816.	Алаудин Н. Ә.	Нәзира Бердалы поэзиясындағы фольклорлық үрдістер	3614
817.	Амантай Н., Қапсихқызы Д.	«Ескендір» поэмасындағы уақыт пен мәңгілік мәселесі: Абайдың философиялық концепциялары	3618
818.	Ахметбекова Т. У.	Б.Майлин мен А.Чехов әңгімелеріндегі сарказм	3622
819.	Байдуллаева Ж.К.	Қазіргі қазақ прозасындағы мистика жанры	3626
820.	Ғалымжанова З. Т.	Мемуарлық романдардағы тәрбие құндылығы	3629
821.	Дәуренбек А. Ж.	Тұрсын Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» еңбегі: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдыры және көркемдік шындық	3632
822.	Ергеш А. М.	Қабдыкәрім Ыдырысов поэзиясындағы интертекст және оның поэтикалық мәні	3638
823.	Еркін А.	«Телқоңыр» және ұлттық болмыс	3641
824.	Жакупова С.С.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ескілікті сынау тенденциясы: Ш.Торайғыровтың «Базарбай молдаға» өлеңі	3644
825.	Жақсыбаева Н. Ж.	Білім берудегі жаңа технологияның тиімділігі	3645
826.	Төребаева А.О.	Жүрсін Ерман арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	3650
827.	Тұрсын Қ. А.	Бейсембай Кенжебаев – аудармашы	3656
828.	Сұлтанбек Ә.	Орыс тілді қазақ жастарының сөз сапасы: түйіткілдер мен шешімдер	3659
829.	Қажетерова Ш. С.	Еркін өлеңдердегі көлеңке образы	3664
830.	Қуанышбаева Н.А.	Тайыр Жомартбаев шығармашылығындағы балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық сипаты және алаш кезеңіндегі білім беру ісіне ықпалы	3669
831.	Құлшар Б. М.	Сатирадағы есімдер жүйесі және олардың эстетикалық-семантикалық жүктемесі	3673
832.	Махмутова А. Қ.	Абай Құнанбайұлының қара сөздері және ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері: білім және руханият	3676
833.	Молдахан Е. М.	Tiktok, Instagram секілді әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану тәсілдері	3679
834.	Томабаева А. Ғ.	Шәкәрім мен Қожа Хафиздің философиялық үндестігі	3683
835.	Түсіпбек М. К.	Мұхтар Әуезов пен Оноре де Бальзак шығармаларындағы сыншыл реализм	3688

		принциптері туралы	
836.	Сайфуллаева Б. Б.	Орта ғасыр түркі ойшылдарының мұрасы мен Абай шығармаларындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы	3692
837.	Шагирова Д. Р.	Көлеңке архетипінің көркем трансформациясы: Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» негізінде	3696

**6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

838.	Абденкул Д.С.	Үйлену салт өлеңдеріндегі лингвотанымдық сипат	3700
839.	Абдрахман А.Е.	«Ер Төстік» жырындағы ең басты гендерлік көріністер мен символдар	3704
840.	Амирова А.Б.	Мақал-мәтелдер әлеміндегі билік пен гендер: қазақ және ағылшын паремияларының салыстырмалы талдауы	3708
841.	Анарбекова А.Б.	Оқушылар сөйлеу тіліндегі терминдер қолданысы	3715
842.	Бөгетбаева А.Т.	Жаһанданудың мәдени таптаурындардың қалыптасуына әсері	3719
843.	Дәулетші Д.Р.	Жалпықолданыстағы сөздерді термин ретінде қолдануда жарыспалылық мәселесі (ақпараттық технологиялар саласы бойынша)	3723
844.	Ермекқызы А.	Интернет лексиканың қолданысы	3726
845.	Жаныбекқызы Б.	Ұлттық фильмдердегі тілдік ерекшеліктер және әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар)	3730
846.	Жарылхасын Б.Қ.	Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы фразеологизмдердің мәні	3733
847.	Қуандықова И.Р.	Кірме сөздер: игерілуі және электронды коммуникация ортасындағы қолданысы	3736
848.	Қайыркен А.О.	Корпустық лингвистика: қазақ тілін оқытудағы инновациялық бағыт	3743
849.	Қанатқызы А.	Зейнолла Шүкіровтың шығармаларындағы кейіпкер тілі мен стилі	3747
850.	Қуаныш Ә.	Methodology for the development of students' emotional competence in the lesson of the kazakh language	3751
851.	Қыдырбай Н.А.	Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оларды қалыптастыру мәселелері	3755
852.	Мадиярова Д.М.	Жастар тіліне әлеуметтік желінің әсері	3759
853.	Меліс А.Б.	«Жер-Ана» ұғымының мағыналық ерекшеліктері	3762
854.	Муратбаева Ж.К.	Қазіргі қазақ киносындағы тілдік ерекшеліктер (комедия жанры негізінде: «Таптым-ау сені»)	3766

855.	Муратова М.	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы мінез-құлық метафоралары	3769
856.	Мұхтарова Ф.С.	Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тағамға қатысты этнофразеологизмдер	3772
857.	Нугман А.А.	Фразеологизмдердің лингво-мәдени өрісі	3775
858.	Онгарбаева А.О.	Қазақ және өзбек фразеологизмдеріндегі киелі сандардың ортақ белгілері	3777
859.	Оразалина А.А.	К.Оразалиннің тілдік тұлғасын тану мәселесі	3781
860.	Оралбай А.О.	Қазақ тілін әлеуметтік желілерге танымал ету үшін контент стратегиялары	3785
861.	Оспан М.Ж.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі «Бақыт» концептісі	3790
862.	Өркенқызы А.	Постмодернистік мәтіннің байласымы мен тұтасымын барлау	3794
863.	Рзалиева Р.Ж.	Ғаламтордағы тұлғаны тілдік кемсіту: себебі мен салдары	3798
864.	Сәбитқызы Б.	Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы концептуалды метафора	3802
865.	Түйлебаева Қ.Б.	Хаос және контекст	3805
866.	Тұранов Ы.Ә.	Әлихан Бөкейханов шығармаларындағы антропонимдердің психолингвистикалық сипаты	3809
867.	Уәлібек А.А. Беласар І.Қ.	Қазақ фразеологизмдерінің гендерлік аспектісі	3812
868.	Ұланова Е.Д.	Т.Әбдікәкімовтің «Ажал даласындағы тас» өлеңіндегі сөздердің қолданылуының математикалық жиілігі	3816
869.	Халмурат Е.С.	Mangurtism – future tragedy	3819
870.	Шиктыбаева А.	Жасанды интеллект арқылы өтірік өлеңдер құрастыру	3821

6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ

871.	Абдикадырова А.М., Аманджол А.Е., Беккалиқызы А.	Слово <i>хайп</i> и его производные	3825
872.	Амангелді А.Ж.	Слова-паразиты в речи современной молодежи	3828
873.	Аманшаева И.С., Мәлікова А.Н.	Слово прикол и его производные в молодежном сленге (на материале НКРЯ)	3832
874.	Дудко В.Н.	Языковые средства как механизм воздействия	3836
875.	Елубаева К.К.	Устойчивое выражение "24/7" в современной речи: аспекты значения	3841
876.	Жарлықасым Ж.К.	Синтаксические модели новостных заголовков в интернет-СМИ Казахстана	3844

877.	Жумабаева А.Б.	Лексикографический анализ лексемы «упрямство» в русском и казахском языках	3850
878.	Кеңес Н.С.	Жизненное кредо молодёжи Казахстана: лингвоаксиологический аспект	3853
879.	Қалихан А.А.	Специфика молодежной инвективной лексики (на материале соцсетей Tik Tok, Telegram)	3856
880.	Мазуркина У.А.	Фонетическая интерференция при обучении русскому языку как иностранному китайских студентов	3859
881.	Максимова Д.Г.	Научная VS народная этимология объектов Астаны (по материалам уличных интервью инстагида Мити Байназарова)	3862
882.	Серикова Д.М.	Специфика обучения аудированию в 9 классе	3865

**6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІ: КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ
РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА: АНАЛИЗ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

883.	Абдрахманова Э.	Bakhyt Kairbekov: the problems of creativity	3869
884.	Ерболат Д.	Фольклор как мотивообразующий элемент в повести З. Наурызбай и Л. Калаус «Приключения Бату и его друзей»	3870
885.	Ибраимова С.	Мотив самопожертвования в прозе Л. Улицкой	3874
886.	Кенжетай Б.	Фольклорные образы и мотивы в цикле «Кудыкины горы» Н. Черновой	3876
887.	Курмангалиева Г.	Метафора «необретенный рай» в романе Бахыта Кенжеева «Младший брат»	3879
888.	Мухамадиева К.	Особенности реализации категории «автора» и «скриптора» в романе Т. Толстой «Кысь»	3881
889.	Надирхан В.	Быт и нравы русского помещного дворянства в изображении Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.Н. Радищева	3884
890.	Онгар А.	Символика круга в романе «Круг пепла» Д. Накипова	3888
891.	Оразалина А.	Литературное наследие Рымгали Нургали: социальные и философские аспекты в произведениях писателя	3891
892.	Өсербайұлы С.	Қазақ романының қалыптасу кезеңдері және дамуы	3893
893.	Сарсенбай М.	Концепция детства в литературе: культурный и философский контексты	3897
894.	Сералимова С.	Исторический контекст и культурные традиции в творчестве тюркоязычных писателей	3900
895.	Тахауикызы Ж.	Тема Древнего Новгорода в исторических и художественных произведениях Н.М. Карамзина	3903
896.	Турабекова И.	Образ современной российской женщины в произведениях Дарьи Донцовой	3907

897.	Цындра А.	Фольклорно-мифологический контекст образа ведьмы в повести Н.В. Гоголя «Майская ночь, или Утопленница»	3912
------	-----------	--	------

6.5 АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

898.	Айтбаева А.М.	Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Inception»	3918
899.	Акимбекова К.Ж.	Прагматический аспект перевода рассказов Оскара Уайльда	3920
900.	Алпамыс Т.М.	Intercultural Features of Modality Expression in English and Kazakh: Translation Challenges	3922
901.	Амангелдиева А.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдегі кейбір соматизмдер аудармасы	3926
902.	Әбдірахман А.Қ.	Аудиовизуалды аудармада реалияларды беру ерекшеліктері	3928
903.	Бектлеуова А.С.	Тіл және әдеп: ұлттық ерекшеліктер мен аудармадағы ұстанымдар	3931
904.	Бультенова Д.Т.	Culinary terms as culturally marked lexis: issues of equivalence in translation from Kazakh into English	3933
905.	Дулатова А.А., Кадырова Р.Р.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер мен мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылығы	3937
906.	Елибаева А.Т.	Лингвокультурные трансформации в аудиовизуальном переводе: анализ русской локализации фильма «Веном»	3941
907.	Жексемби Д.Д.	Аудармада қолданылатын цифрлық технологиялардың жетістіктері	3945
908.	Каткенова З.Д.	Childbirth celebration in Kazakh and English cultures	3950
909.	Қыдырбай Г.З.	Орта мектептерде ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті әдістерді қолдану	3953
910.	Матыгулова А.Н.	Translation of documentary novels	3956
911.	Нығметулла К.Б.	Көркем әдебиет стилінің аудармасы: жасанды интеллект, машиналық аударма мен адам аудармасының салыстырмалы талдауы (Эрнест Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау» әңгімесінің негізінде)	3959
912.	Райнбекова А.К.	«Жеті» санының ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер мен аудармадағы көрінісі	3962
913.	Сейткенов К.Б.	Көркем мәтін тілі прагматикасын жеткізуде тіркесті бірліктердің аударылу ерекшеліктері	3966
914.	Сүндетова А.Н.	«Жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты және тіларалық берілуі (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы негізінде)	3972
915.	Утеулиева А.А.	Lexical-semantic types of non-verbal means and their translation	3978

**6.6 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ**

916.	Айдарбекқызы М. Ермекқызы А.	Тілдердің жойылу қауіпі және қайта жаңғырту мүмкіндіктері	3983
917.	Асатова К.Т.	Semantic and Pragmatic Aspects of Anglicisms in Modern Kazakh	3986
918.	Аслялиева А.Ж.	Frequency and Functional-Semantic Analysis of Color-Denoting Adjectives in George Orwell's "Animal Farm"	3990
919.	Ахметбек Д.А.	Axiological characteristics of the biography of a virtual character	3996
920.	Байсұлтан А. Н.	Ағылшын көркем әдебиетіндегі бейвербалды қарым-қатынастың рөлі	3999
921.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	4003
922.	Жунусова А. К.	Ағылшын әдебиетіндегі «адамның оң мінезі» лексика-семантикалық өрісінің құрылымы	4008
923.	Кенесбаев А. С.	The language game in modern internet communication	4013
924.	Кенжебай А.Т.	Сравнение языка рекламы в английском и казахском языках	4015
925.	Сабилова Ж.Б.	Репрезентация концепта "семья" в англо-, казахоязычных публицистических дискурсах начала XXI века	4018
926.	Сериккалиева А. Ж.	Образность публицистического дискурса в новогодних речах: сравнительный анализ выступлений президента Казахстана и короля Великобритании	4020
927.	Тлемисова Ж. М.	Semantic analysis of the linguistic changes driven by generation Z's neologisms	4023
928.	Турсынбетова А. Н.	Балалар тіліндегі инновациялар мен олардың сөзжасамдық ерекшеліктері	4027
929.	Ундимисова А.Ж.	Английские пословицы и поговорки: их значение, употребление и русские эквиваленты	4030
930.	Хасенов И. Танабаев Т.	A brief overview of the origins and formation of the basic terms of electricity in English and Kazakh languages	4031
931.	Шандер Д.	The English language acquisition: why are you still unable to speak it?	4034

**6.7 ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЖАҢА
БАҒЫТТАР МЕН ӘДІСНАМАЛАР
КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ И ЛЕКСИКОЛОГИЯ: НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ
И МЕТОДОЛОГИИ**

932.	Абдуллина А.Р.	Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және аудармадағы рөлі	4039
933.	Абдуразакова М. Д.	Ресми іс-қағаздардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің аудару тәсілдері (қытай және	4043

		қазақ тілдерінің іскерлік құжаттары негізінде)	
934.	Асқар Н.	Лю Цысиннің “Үш Ғалам” (三体) ғылыми-фантастикалық роман трилогиясының стилистикалық ерекшеліктері	4046
935.	Дюсупжанова Ж.М.	Қытай фильмдерін қазақ тіліне аударудың ең танымал түрлері мен кең таралған әдістері	4049
936.	Кабышева А.Д.	Медициналық терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері	4054
937.	Күшәнбек М.	Бақ-тағы қытай фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері	4060
938.	Қалекенова Ж.Қ.	Мәдени революция кезеңіндегі әдебиеттің даму көрінісі	4065
939.	Майбас Ә.Т.	Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың бастауыш сатысындағы құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың оқыту мәселесі	4068
940.	Мамедова Р.В.	Сравнительный анализ китайских и казахских пословиц и фразеологизмов	4071
941.	Маметова А.М.	Медицина саласындағы кәсіби мәтіндерге лингвистикалық талдау	4076
942.	Мылтықбай Ж.А.	Қытай ауызекі сөйлеу стилінің қолдану аясы	4080
943.	Намазова Ж.Т.	Жасанды интеллект негізіндегі қытай тілін оқу: мүмкіндіктер мен шектеулер	4085
944.	Нұрлан Е.	Цянь Чжуншудың “Қоршалған қамал” романының көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкерлер образы	4088
945.	Нұртай А.	«Өмір мен өлім мені қажытады» романында реинкарнация арқылы әлеуметтік жіктелуді бейнелеу	4093
946.	Сейлова А.А.	Влияние политической и культурной ситуации в Китае в период Тан на литературу	4097

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**СЕКЦИЯ 7. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ
ECONOMIC SCIENCES**

**Подсекция 7.1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**ОТКРЫТОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ЕЕ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ
БЕЗОПАСНОСТЬ**

OPENNESS OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS ECONOMIC SECURITY

947.	Асылбаева Ж.Е.	Цифровизация в жилищном строительстве: преимущества и перспективы	4100
948.	Аудан Д.Т.	Өнеркәсіп кәсіпорынның тұрақты дамуының	4103

ақпаратты нақты жеткізуге көмектеседі. Қытай тіліндегі кәсіби мәтіндер де ғылыми терминология мен құрылымдармен ерекшеленеді. Студенттер үшін кәсіби лексиканы меңгеру маңызды, себебі бұл олардың болашақ мамандықтарына қажетті білімді арттырады. Қорытындылай келе, кәсіби мәтіндер тілдік тұрғыдан күрделі әрі көпқабатты, олардың дұрыс талдауы коммуникацияны жақсартуға және білім алмасуды жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Language in Society. (n.d.). Retrieved from <https://www.cambridge.org/core/journals/language-in-society>) - интернет көзі.
2. MedUniver.com. (n.d.). Мақала атауы. MedUniver.com сайтынан алынды: <https://meduniver.com/Medical/cardiologia/229.html> - интернет көзі.
3. CNews. (n.d.). HTML - HyperText Markup Language: https://www.cnews.ru/book/HTML_HyperText_Markup_Language-Стандартизированный_язык_разметки_документов_в_интернете-интернет_көзі.
4. Ғылыми стиль кәсіптік қазақ тілі. (n.d.). №1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі: <https://pedkoll.edu.kz/wp-content/uploads/2020/11/Ғылыми-стиль-кәсіптік-қаз-тілі.pdf>- интернет көзі.
5. Омыртқаға жасалған операциялар. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы. 2022. – кітап.
6. Leghari, R. Linguistic analysis. Medium. 2024. <https://medium.com/@riazleghari/linguistic-analysis-67cae4052118> - интернет көзі.
7. 核专业文本俄汉翻译策略及方法刍议. 海外文摘·学术. 2019. <https://doc.taixueshu.com/journal/20190199hwwzxs.html#literatureContents> - интернет көзі.
8. Zhao, D., Zhang, L., Gong, N., et al. Анализ эффективности двойной трансплантации почек у взрослых. Китайский медицинский журнал. 2025. 105(5), С. 364–370. <https://doi.org/10.3760/cma.j.cn112137-20241008-02272> - интернет көзі.
9. Мильман, В.Э. Цель в функциональной структуре деятельности /В.Э. Мильман // Системные исследования: методологические проблемы: ежегодник. 1986. – М.: Наука, 1987. – С. 102-123. - журналдағы мақала.
10. 英语教学 山东. 精品推荐 | 文本分析、话语分析与内容分析. 网易. <https://www.163.com/dy/article/HGDL3ELH0516K767.html>- интернет көзі.

ӘОЖ 811.581

ҚЫТАЙ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ СТИЛІНІҢ ҚОЛДАНУ АЯСЫ

Мылтықбай Жанерке Ақбердіқызы

zmyltykbai.02@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2 курс магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., доцент м.а., Г. Ахметбек

Қытай тілінің ауызекі сөйлеу стилі – күнделікті қарым-қатынаста және бейресми жағдайларда қолданылатын, ауызша тілге негізделген тілдік өрнек формасы. Ол салыстырмалы түрде қысқа грамматикалық құрылыммен, қысқа сөйлемдермен, түсінуге оңай лексикамен сипатталады және көбінесе ауызекі сөздер мен тіркестерді қамтиды. Жазба тілмен салыстырғанда, сөйлеу тілі ойдың тікелей және бейнелі жеткізілуіне көбірек мән береді, сондай-

ақ қарым-қатынастың тиімділігі мен табиғилығын арттыру үшін көп жағдайда сөздердің түсіп қалуы, қайталануы және жалғаулықтардың қолданылуы тән. Қытай тілінің ауызекі стилінде интонация мен модальдық шылаулар да маңызды рөл атқарады, себебі олар сөйлеушінің эмоциясы мен көзқарасын жеткізуге көмектеседі. Мысалы, күнделікті әңгімелерде "啊", "吧", "呢" сияқты модальдық шылаулар сөйлеуді табиғи әрі өмірге жақын ету үшін жиі қолданылады.

Қытай тілінің ауызекі стилінің тілдік ерекшеліктері грамматикалық тұрғыдан қарапайымдылық пен икемділікке ие. Біріншіден, сөйлем құрылымы салыстырмалы түрде қарапайым, көбінесе қысқа немесе жеңіл сөйлемдер қолданылады, бұл қарым-қатынасты тікелей әрі тиімді етеді. Мысалы, сөйлеу тілінде жиі бастауыш немесе толықтауыш түсіп қалып, тек негізгі етістік пен анықтауыш қалады. Екіншіден, жоғарыда айтылғандай, сөйлеу тілінде "啊", "吧", "呢" сияқты көптеген модальдық шылаулар қолданылады, олар эмоцияны күшейтіп, сөйлемнің ырғағы мен екпінін реттеуге көмектеседі. Бұл модальдық шылаулар сөйлеушінің көзқарасын білдіріп қана қоймай, сөйлемнің табиғи ағымын қамтамасыз етеді [1, 48].

Сөйлеу тілінде жалғаулықтар жиі әрі әртүрлі қолданылады, мысалы, "然后" (содан кейін), "所以" (сондықтан), "但是" (бірақ) сияқты сөздер сөйлемдерді байланыстырып, айтылымды тұтастырады. Сонымен қатар, сөйлеу тіліндегі сөз қайталау құбылысы да маңызды ерекшелік болып табылады. Сөйлеушілер белгілі бір сөздер мен сөйлемдерді қайталап, ойды ерекше атап көрсету немесе күшті эмоция білдіру үшін пайдаланады. Мысалы, "我真的真的很喜欢这本书" (Мен бұл кітапты шынымен де өте қатты ұнатамын).

Қытай тілінің ауызекі стилі икемділігі мен еркіндігімен де ерекшеленеді, бұл стандартты емес грамматикалық құрылымдарды қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, "有些人他不知道" (кейбір адамдар білмейді) құрылымы жазба тілде стандартқа сай емес, бірақ сөйлеу тілінде өте жиі кездеседі. Жазба тілде бастауыштың қайталануынан аулақ болу керек, сондықтан "有些人他不知道" құрылымы дұрыс деп саналмайды. Жазба тілде стандартты нұсқалар ретінде "有些人不知道" (кейбір адамдар білмейді) немесе "有些人不了解" (кейбір адамдар түсінбейді) қолданылуы тиіс. Бұл қайталануды болдырмай, сөйлемнің қысқалығы мен анықтығын сақтауға көмектеседі. Жазба тілде грамматикалық дәлдік пен өрнектің нақтылығы маңызды болғандықтан, сөйлеу тіліндегі еркіндік пен артық қайталауларды болдырмай, жоғары деңгейдегі тілдік нормаларға сай жазу қажет.

Грамматика тұрғысынан, қытай сөйлеу тілі көбінесе сөйлем құрылымын жеңілдетіп, қажетсіз компоненттерді алып тастайды, сөйтіп ойды қысқа жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, "吃饭了吗?" (Тамақтандың ба?) деген сұрақта "你" (сен) бастауышы жиі түсіп қалады, өйткені диалог барысында сұрақ кімге бағытталғаны контекстен түсінікті болады. Қытай сөйлеу тілі өте икемді, сөйлем құрылымы ойды жеткізу қажеттілігіне қарай еркін өзгеруі мүмкін. Мысалы, "他昨天去上海了" және "昨天他去上海了" (ол кеше Шанхайға барды) сөйлемдерінің екеуі де дұрыс болып есептеледі [2, 75].

Лексикалық тұрғыдан алғанда, қытай сөйлеу тілінде қарым-қатынасты табиғи ету үшін көптеген ауызекі сөздер қолданылады. Мысалы, "赶紧的" сөзі мүмкіндігінше тез әрекет ету мағынасын білдіреді. Сонымен қатар, сөйлеу тілінде қысқартылған сөздер жиі пайдаланылады, мысалы, "空调器" орнына "空调" сөзі қолданылады, бұл ойды қарапайым әрі түсінікті жеткізуге көмектеседі. Мұндай қысқартулар уақытты үнемдеумен қатар, қарым-қатынасты да тиімді етеді.

Диалектілік лексика да сөйлеу тілінде жиі кездеседі. Әртүрлі аймақтардағы ауызекі сөйлеу стилінде ерекше диалектілік сөздер бар, бұл өңірлік және мәдени әртүрлілікті көрсетеді. Мысалы, 北京话-та кең таралған "儿化音" құбылысы. "儿化音" – қытай тіліндегі, әсіресе солтүстік

диалектілерінде жиі кездесетін фонетикалық құбылыс. Бұл белгілі бір сөздер мен буындардың соңына "er" дыбысын қосу арқылы айтылымды жандандырып, сөйлеуді ауызекі сипатта ету тәсілі. "儿化音" күнделікті сөйлеу тілінде ғана емес, кейбір көркем әдеби шығармаларда да кейіпкерлердің сөйлеу стилін сипаттау үшін қолданылады. Төменде "儿化音" қолданылатын кейбір сөздер берілген:

花儿 (huār) - 花

玩儿 (wánr) - 玩

车儿 (chēr) - 车

书包儿 (shūbāor) - 书包

帽儿 (mào) - 帽子

路儿 (lù) - 路

点儿 (diǎnr) - 点

门儿 (ménr) - 门

手绢儿 (shǒujuànr) - 手绢

事儿 (shìr) - 事

"儿化音" сөйлеу тіліне жылылық пен жергілікті ерекшелік қосады. Мысалы, 北京话-та "儿化音" өте жиі кездеседі, және көптеген сөздерге "er" дыбысы қосылып, сөйлеуді бейресми әрі табиғи етіп көрсетеді. "儿化音" тек фонетикалық өзгеріс қана емес, кейбір жағдайларда сөздердің мағынасына да әсер етеді. Мысалы, "画" сөзі бастапқыда сурет салу мағынасын білдірсе, ал "画儿" тек сурет салуды ғана емес, жалпы суреттер мен картиналарды да білдіре алады.

Сонымен қатар, қытай тілі сөйлеу стилінің тағы бір ерекшелігі – идиомдардың кең қолданылуы. Олар күнделікті өмірде жиі кездеседі, оларсыз қытай ауызекі тілін елестету қиын. Қытай тілінде идиомдар "熟语" деп аталады, бұл тұрақты тіркестердің жалпы атауы болып табылады. Оған 成语 (классикалық идиомдар), 谚语 (мақал-мәтелдер), 歇后语 (екі бөлімнен тұратын астарлы сөйлемдер) және 惯用语 (тұрақты сөз тіркестері) кіреді.

成语 – қытай тілінің сөздік қорында бекітілген тұрақты сөз тіркестері. Олар халық арасында кең таралған және тілдің дамуымен қалыптасқан. Көптеген 成语 төрт иероглифтен тұрады, бірақ үш, бес немесе жеті иероглифтен тұратындары да бар.

Идиомалар – қытайдың дәстүрлі мәдениетінің маңызды элементі. Олардың құрылымы мен мағынасы тұрақты болып келеді. Олар сөйлем ішінде тұтас қолданылады және сөйлемнің бастауышы, толықтауышы немесе анықтауышы ретінде қызмет ете алады. Идиомалардың көпшілігі көне заманнан бері қолданылып келеді және белгілі бір оқиғалар немесе аңыздармен байланысты. Кейбір идиомалар қысқа сөйлемдер түрінде болады. 成语 тұрақты тіркестерге (惯用语) және мақал-мәтелдерге (谚语) ұқсас, бірақ өзіндік ерекшеліктері де бар.

Жоғарыда айтылғандай, көптеген 成语 көне дәуірден бері сақталып, белгілі бір оқиғаларға негізделген. Бұған дәлел ретінде келесі мысалды қарастырайық:

盲人摸象 (Соқыр адамның пілге қол тигізуі) – бұл идиома біржақты түсініктің шектеулерін көрсету үшін қолданылатын көне мысал. Бұл аңызда дана патша әскерлеріне үлкен пілді әкеліп, бірнеше соқыр адамды шақыруды бұйырады. Соқыр адамдар келген соң, патша оларға бұл не екенін айтпай, пілді қолмен ұстап көруді сұрайды. Әрбір соқыр адам пілдің әртүрлі бөліктерін

ұстап көріп, оларды түрлі заттарға ұқсатады: бірі құйрығын ұстап, оны арқан деп ойлайды, ал екіншісі денесін ұстап, оны қабырға деп қабылдайды. Олар өзара дауласа бастайды, сонда дана патша: "Егер сендер бір нәрсені тек бір қырынан немесе жартылай ғана түсінсеңдер, онда қате қорытынды жасау оңай болады", – деп түсіндіреді.

Содан бері "盲人摸象" идиомасы біржақты түсінік пен субъективті пайымдаудың метафорасы ретінде қолданылады, ал мәселені жан-жақты қарастырудың маңыздылығын көрсетеді. Мысалы, күрделі жобаны талқылау кезінде әртүрлі пікірлерді сипаттау үшін:

“我们不能盲人摸象·只看到自己负责的部分·要互相沟通·全面了解整个项目”(“Біз тек өзіміз жауапты бөлікті ғана қарастырмауымыз керек, бір-бірімізбен байланысып, бүкіл жобаны кешенді түрде түсінуіміз қажет.”) [3, 114].

Бұл – тек бір мысал, осындай көптеген 成语 күнделікті өмірде қолданылады.

Мақал – қытай тіліндегі "谚语" (yàn yǔ) деп аталатын сөз. Мақал-мәтелдер қытай тілінің маңызды бөлігін құрайды. Олар халық арасында кең таралған қысқа әрі нұсқа тіркестер болып табылады. Көптеген мақалдар еңбекші халықтың өмірлік тәжірибесін көрсетеді және ауызша таралып, ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Олар көбінесе қысқа, түсінікті сөйлемдер немесе қарапайым рифмалар түрінде кездеседі.

Мақалдар – адамдар күнделікті өмірде жиі қолданатын тұрақты тіркестер. Олар идиомаларға ұқсас, бірақ ауызекі тілге бейімделген, қарапайым, түсінікті және толыққанды мағына береді. Құрылымдық тұрғыдан алғанда, мақал-мәтелдер бір немесе екі қысқа сөйлемнен тұрады. Олардың мазмұны өте кең ауқымды қамтиды. Кейбір мақалдар ауыл шаруашылығына қатысты:

• “清明前后，栽瓜种豆” (Qīngmíng qiánhòu, zāi guā zhǒng dòu) – "Цинмин мерекесінің алдында немесе кейін қауын мен бұршақ отырғызу керек."

• “种瓜得瓜，种豆得豆” (Zhòng guā dé guā, zhòng dòu dé dòu) – "Не ексең, соны орасың."

• “谦虚使人进步·骄傲使人落后” (Qiānxū shǐ rén jìnbù, jiāo'ào shǐ rén luòhòu) – "Кішіпейілділік – алға басудың кепілі, ал мақтаншақтық – кері кетудің себебі."

• “饭后百步走·活到九十九” (Fàn hòu bǎi bù zǒu, huó dào jiǔshíjiǔ) – "Тамақтан кейін жүз қадам жүрсең, тоқсан тоғыз жасқа дейін өмір сүресің."

Мақалдар қытай тілінің біртұтас бөлігі болып табылады және тілдің бейнелілігі мен көркемдігін арттырады. Бірақ мақал-мәтелдер әйгілі нақыл сөздерден ерекшеленеді. Мақалдар – халықтың өмірлік тәжірибесінен алынған, ал әйгілі нақыл сөздер – белгілі тұлғалардың айтқан даналық сөздері.

Мысалдар:

• “早起的鸟儿有虫吃” (Zǎo qǐ de niǎo er yǒu chóng chī) – "Ерте тұрған құс құрт аулайды" (Ағылшын тіліндегі "The early bird catches the worm" тұрақты тіркесіне ұқсас).

Мысалы: "Сен ерте тұруың керек, есіңде болсын, ерте тұрған құс жемін алады." (你应该早点儿起床·记住·早起的鸟儿有虫吃)。

• “百闻不如一见” (Bǎi wén bù rú yī jiàn) – "Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық" (Seeing is believing). Мысалы: "Сен бұл жердің қандай керемет екенін айтып жатырсың, бірақ жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық. Мен өз көзіммен көруім керек." (你说这个地方多美多好·但百闻不如一见·我得亲自去看看)。

Екі бөлімнен тұратын астарлы сөйлемдер (歇后语)

Бұл қытай тілінің ерекше сөйлеу формасы. Бұл сөйлеу тәсілі халықтың күнделікті өмірінде қалыптасқан, қысқа, күлкілі әрі бейнелі сөйлемдерден тұрады. Екі бөлімнен тұратын астарлы сөйлем екі бөліктен құралады: бірінші бөлігі "кіріспе" рөлін атқарады және жұмбақ сияқты айтылады, ал екінші бөлігі "жауабы" рөлін атқарады, ол жасырын түрде беріледі. Осы ерекшелігіне байланысты оны "歇后语" (xiēhòuyǔ) деп атайды.

Қытай жазба мәдениетінің терең тарихы бар, ғасырлар бойы қалыптасқан бұл тілдік өнердің өзіндік ерекшелігі бар. Екі бөлімнен тұратын астарлы сөйлемдер халықтың тұрмыс-тіршілігін, философиялық көзқарастарын, ұлттық дәстүрлері мен мәдениетін бейнелейді. Олар көбінесе астарлы мағынаға ие және қысқа сөйлемнің өзінде үлкен даналық сақталған [4, 41].

Мысалдар:

• “竹篮打水—场空” (Zhúlán dǎ shuǐ—chǎng kōng) – "Бамбук себетпен су тасу – бекер еңбек" (Футильді әрекеттің метафорасы). Мысалы: "Оның бұл жолғы инвестициясы сәтсіз болды, шынымен де бамбук себетпен су алуға тырысқандай." (他这次投资失败了，真是竹篮打水—场空。)

• “泥菩萨过江——自身难保” (Ní púsa guò jiāng—zìshēn nán bǎo) – "Саздан жасалған Будда өзеннен өтуде – өзі де аман қалуы қиын" (Өзі қиналып жүрген адам басқаларға көмектесе алмайды). Мысалы: "Ол қазір қиын жағдайда, өзіне де көмек қажет, сондықтан одан көмек сұрама." (他现在已经是在泥菩萨过江——自身难保，别再去找他帮忙了。)

Тұрақты сөз тіркестері (惯用语)

Тұрақты сөз тіркестері – ауызекі тілде жиі қолданылатын тұрақты фразалар. Олар үш буыннан тұратын бекітілген құрылымға ие, салыстырмалы түрде икемді құрылымы бар және метафоралар арқылы риторикалық мәнге ие болады. Тұрақты сөз тіркестерін қолданғанда олардың мағынасын және эмоциялық реңкін ажырата білу қажет.

Тұрақты сөз тіркестерінің сегіз ерекшелігі бар:

1. Адамдар оларды жақсы біледі және кең таралған.
2. Көбіне ауызекі сөйлеу тілінде қолданылады, қысқа, қарапайым, бейнелі және қызықты.
3. Ұзындығы әдетте қысқа.
4. Белгілі бір қалыптасқан тіркеске ие.
5. Халық арасында ұзақ уақыт бойы қолданылып, қысқа әрі дәл мағына береді.
6. Көркем әрі бейнелі сипатқа ие, көбіне метафоралық мәнде қолданылады.
7. Белгілі бір тұрақты тіркес болғанымен, 成语-ға қарағанда икемдірек.
8. Мағынасы қарапайым және көбіне бейресми сипатта қолданылады.

Мысалдар:

• “打退堂鼓” (Dǎ tuìtángǔ) – "Кері шегіну" (Жарты жолдан бас тарту). Мысалы: "Бұл іс енді басталды, шегінуге асықпа." (这件事才刚开始，别急着打退堂鼓。)

• “七七八八” (Qīqībābā) – "Жеті-сегіз" (Шашыраңқы, ретсіз немесе аяқталуға жақын). Мысалы: "Мен бөлмені жинап қойдым, тек үстелді реттеу ғана қалды." (房间我已经收拾得七七八八了，只差最后整理一下桌子。) [5, 12].

Жоғарыда аталғандардың барлығы қытай сөйлеу тілін әртараптандыруға көмектеседі. Қытайда тұрмаса да, тілді үйреніп жүрген адамдар осындай ерекшеліктерді түрлі видео блогтардан, телехикаялардан немесе танымал адамдардың әлеуметтік желілерінен байқай алады.

Қорыта айтқанда қытай тілінің ауызекі сөйлеу стилі – лингвистикалық, мәдени және әлеуметтік элементтердің өзара әрекеттесуін көрсететін ерекше тілдік құбылыс. Оның бай сөздік қоры, идиомалық тіркестері және әртүрлі фонетикалық ерекшеліктері Қытайдың тарихи және мәдени мұрасын бейнелейтін өзіндік коммуникациялық жүйені қалыптастырады. Жоғары контекстуалдылық, ым-ишаралар мен сыпайылықтың түрлі деңгейлері қытай тілінің ауызекі сөйлеу мәнерін күрделендіреді, сондықтан бұл ерекшеліктерді түсіну мағыналы әрі дұрыс қарым-қатынас жасау үшін маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. 宋婧婧. 现代汉语口语体风格研究. // 语言科学. – 2019 : 45-52.
2. 李旭. 汉语口语体的语用功能. // 汉语学习. – 2020 (03): 72-79
3. 孙毅. 口语体与文学创作. // 文学评论. – 2017 (02): 112-118
4. 赵元任. 口语体风格与社会变迁. // 社会发展研究. – 2021: 39-43
5. 王力. 口语体在新闻报道中的应用. // 新闻与传播研究. – 2018: 9-16

ӘОЖ 811.581

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗІНДЕГІ ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚУ: МҮМКІНДІКТЕР МЕН ШЕКТЕУЛЕР

Намазова Жадира

zhadyra.namazova.050702@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 7М02311 – «Шетел филологиясы: қытай тілі»
білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – PhD, доцент м.а. А.У. Исаев

Соңғы жылдары қытай тілін үйренуге деген қызығушылық қарқынды өсуде. Әлемдегі ең қиын тілдердің бірі болғандықтан, ол мыңдаған таңбаларды есте сақтау, тондық жүйені меңгеру және мәдени ерекшеліктерді қоса алғанда оқуға ерекше көзқарасты қажет етеді. Заманауи технологиялар, әсіресе жасанды интеллект бұл процесті айтарлықтай жеңілдететін жаңа құралдарды ұсынады. Жасанды интеллект өмірдің көптеген салаларына, соның ішінде заман талабына сай білім беру саласына белсенді түрде енгізіліп, шет тілдерін тиімді үйренуге жаңа мүмкіндіктер ашуда. Қытай тілін оқытуда тондық фонетика, күрделі жазу жүйесі мен бай мәдени дәстүрді ескере отырып, жасанды интеллектті қолдану мамандар арасында ерекше қызығушылық тудырып жатыр. Бұл мақалада қытай тілін үйренуге арналған интерактивті және бейімделген білім беру бағдарламаларын жасауға көмектесетін жасанды интеллект негізіндегі тәсілдер мен технологиялар, олардың білім саласындағы ықпалы мен шектеулері талқыланады.

Жасанды интеллект қытай тілін үйренуді тиімді ғана емес, қызықты да нәтижелі ете алатын инновациялық тәсілдер мен құралдарды ұсына отырып, білім беруде жаңа дәуірді бастайды. Жасанды интеллект жүйелері адамдардың жетістіктері, қателіктері мен ақпаратты қабылдау ерекшеліктерін талдай отырып, қажеттіліктеріне сәйкес келетін жекелендірілген оқу жоспарын жасай алады. Жүйе оқудың оңтайлы қарқынын, жаттығулардың күрделілігін және материалдар түрін талдап, жаңа білім мен дағдыларды тезірек меңгеруге көмектеседі. Жасанды интеллект платформалары тіл үйренуді қиын да жалықтыратын процесс емес, қызықты ізденіске айналдыратын ойындарды, виртуалды диалогтарды, қызықты VR/AR қондырғыларын ұсынады.